

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ кепілдіктерін беру туралы келісім

Осы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ кепілдіктерін беру туралы Келісім (бұдан әрі – «Келісім»), Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жекелей «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатын «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Кепілгер» немесе «Банк») және заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер (бұдан әрі – «Клиент/Принципал/Қарыз алушы») арасында жасалады және банктік кепілдіктерді шығарудың стандартты шарттары мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтарды, міндеттерді, жауапкершілікті және басқа құқықтық қатынастарының ерекшеліктерін белгілейді.

Кепілдікті шығару бойынша шарттар, қамтамасыз ету түрі, мөлшері, валютасы, мерзімі, Бенефициардың атауы, сондай-ақ кепілдіктерді беру шарттарына өзгертулер және шығарылған кепілдіктің шарттарына өзгертулер Келісімнің ажыратылмас бөліктері болып табылатын осы Келісімге қосымшаларда көрсетілген тиісті өтініштермен анықталады.

1.ТЕРМИНДЕР

Келісім мәтінінде бас әріппен жазылған терминдердің келесі анықтамасы бар:

1.1. Бенефициар – оның пайдасына Кепілгер Клиенттің өтініші бойынша кепілдікті берген және келесі тұлғалардың біріне жататын заңды тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті):

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар,

- дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде төмендегіге тиесілі ұйымдар

- «Самырұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (<https://zakup.sk.kz/>), Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулары (<https://goszakup.gov.kz/>)

- Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ресми электрондық сауда алаңдарында және өзге де сатып алу порталдарында сатып алуларға қатысатын басқа да заңды тұлғалар.

1.2. Кепілдік міндеттеме/Кепілдік – Принципалдың (Клиенттің) өтініші бойынша Банк берген жазбаша міндеттеме, бұл Бенефициар жазбаша төлем талабын ұсынған кезде кепілдік шарттарына сәйкес белгіленген жағдайларда оған ақша сомасын төлеуді көздейді. Кепілдікті Кепілгер Келісім аясында Клиенттің өтініші бойынша және Клиенттің Конкурсқа/Тендерге қатысуына байланысты Бенефициар алдындағы міндеттемелерін, Келісімшарт бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында береді.

1.3. Бланкілік тендерлік кепілдік – Клиенттің өтініші бойынша, соңғысы Кепілгер алдындағы өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбастан, Банктің Уәкілетті органы белгілеген лимит шегінде Клиенттің өтініші бойынша Тендерлік кепілдіктерді шығаруға арналған келісім негізінде берілген банктік кепілдік.

1.4. Тендерге қатысуға арналған кепілдіктер/Тендерлік кепілдік – бұл тендерлік құжаттамаға сәйкес тендерге қатысушының тендер ұйымдастырушысы алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ететін кепілдік. Тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні анықтау мақсатында өткізілетін тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша тендерлерде қолданылады. Ақша кепілі түріндегі қамтамасыз етуі бар, қамтамасыз етусіз бланкілік, айналымдарды есепке алумен де, айналымдарды есепке алусыз да береді.

1.5. Міндеттемелердің орындалу кепілдігі (өтелген тендерден кейінгі кепілдік) — принципалдың келісімшарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету үшін берілетін, кепілдікте көзделген шарттар туындаған кезде кепілгердің кепілдік сомасы шегінде бенефициарға төлемді жүзеге асыру міндетін көздейтін банктік кепілдік. Тендер / конкурс қорытындылары бойынша жасалатын сатып алу туралы шарттар болған кезде қолданылады.

Сонымен қатар, ол принципалдың Қазақстан Республикасының кеден органдары алдындағы міндеттемелерін (Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында және кепілдік шарттарында белгіленген жағдайларда бенефициардың талап етуі бойынша банк-кепілгердің кеден органының пайдасына кедендік баждарды, салықтарды төлеуді жүзеге асыру міндетін көздейтін), салық органының пайдасына салықтарды және/немесе өсімпұлдарды төлеу бойынша міндеттемелерін, принципалдың туроператор алдындағы міндеттемелерін, принципалдың кеме жалдау шарттары (туроператор – кеме жалдаушымен жасалған туристерді тасымалдау және/немесе көлік қызметтерін көрсету) бойынша міндеттемелерін, принципалдың дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу бойынша міндеттемелерін және кепіл беруші жинақ шотындағы ақшамен қамтамасыз еткен міндеттемелердің өзге де түрлерін қамтамасыз ету үшін шығарылуы мүмкін.

1.6. Аванстық төлемді қайтару кепілдігі/ Өтелген аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтару кепілдігі — жинақ шотындағы ақшамен қамтамасыз етілген, принципал шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда бенефициарға аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасын қайтару бойынша принципалдың міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін берілетін банктік кепілдік.

1.7. Төлем кепілдігі/ Өтелген төлем кепілдігі — шарт талаптарына сәйкес тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін немесе өзге де төлемдер бойынша принципалдың төлем міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін берілетін, принципал төлем міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде банк-кепілгердің бенефициарға төлемді жүзеге асыру міндетін көздейтін банктік кепілдік.

Сонымен қатар, ол принципалдың Қазақстан Республикасының кеден органдары алдындағы міндеттемелерін (Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында және кепілдік шарттарында белгіленген жағдайларда бенефициардың талап етуі бойынша банк-кепілгердің кеден органының пайдасына кедендік баждарды, салықтарды төлеуді жүзеге асыру міндетін көздейтін), салық органының пайдасына салықтарды және/немесе өсімпұлдарды төлеу бойынша міндеттемелерін, принципалдың туроператор алдындағы міндеттемелерін, принципалдың кеме жалдау шарттары (туроператор – кеме жалдаушымен жасалған туристерді тасымалдау және/немесе көлік қызметтерін көрсету) бойынша міндеттемелерін, принципалдың дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алу бойынша міндеттемелерін және кепіл беруші жинақ шотындағы ақшамен қамтамасыз еткен міндеттемелердің өзге де түрлерін қамтамасыз ету үшін шығарылуы мүмкін.

1.8. Ішінара өтелген кепілдік — принципал міндеттемелерінің ішінара қамтамасыз етілуі (ақшалай депозит, кепіл немесе өзге де қамтамасыз ету) болған кезде берілетін банктік кепілдік. Бұл ретте банк-кепілгердің тәуекелі кепілдік сомасының бір бөлігінде ғана қамтамасыз етумен өтеледі, ал қалған бөлігі принципалдың банк алдындағы міндеттемесімен қамтамасыз етіледі.

1.9. Болашақта түсетін ақша кепілімен берілетін кепілдік — кепілдік бойынша төлем жүзеге асырылған жағдайда банк-кепілгердің аталған түсімдерді принципалдың банк алдындағы міндеттемелерін өтеу көзі ретінде пайдалану құқығымен, шарттардан түсетін түсімдерді, экспорттық жеткізілімдерді немесе өзге де ақша ағындарын қоса алғанда, болашақ ақшалай түсімдерге талап ету құқықтарын басқаға беру (кепілге қою) есебінен принципалдың міндеттемелерін қамтамасыз ету кезінде берілетін банктік кепілдік.

1.10 Антидемпингтік кепілдік — ішкі нарықты қорғау шараларын қолдануға байланысты құзыретті органдар белгілеген антидемпингтік баждарды және өзге де төлемдерді төлеу бойынша принципалдың міндеттемелерін

камтамасыз ету үшін берілетін, заңнамада және кепілдікте көзделген шарттар туындаған кезде банк-кепілгердің бенефициарға (уәкілетті мемлекеттік органға) төлемді жүзеге асыру міндетін көздейтін банктік кепілдік.

1.11. Жаңартылатын лимит – Кепілгер белгілеген сома, оның шегінде Клиент Кепілдіктің босатылған/өтелген сомасының есебінен бір немесе бірнеше Кепілдікті алуы мүмкін. Жаңартылатын лимиттердің мөлшерлері жария болып табылады және Банктің <https://freedombank.kz/> мекенжайы бойынша орналасқан ресми сайтында орналасқан.

1.12. Кредит желісін ашуға өтініш – Кредит желісі/кепілдіктер бойынша лимиттің аясында Кепілдіктерді беру туралы келісіміне қосылу туралы Клиенттің жазбаша өтінішхаты.

1.13. Кепілдікті беруге өтініш – Кепілгердің Келісім аясында Бенефициар пайдасына бір немесе бірнеше кепілдіктерді беру туралы Клиенттің жазбаша өтінішхаты.

1.14. Конкурс – ақылы түрде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу мақсатында жеңімпазды анықтау және болашақта онымен Келісімшартты жасасу үшін Бенефициармен өткізілетін конкурс/электрондық конкурс/аукцион/тендер/электрондық тендер.

1.15. Келісімшарт – Клиент сатушы, мердігер (жеткізуші) болып табылатын, Төлем кепілдігін беру/аванстық төлемді қайтару қарастырылған мемлекеттік сатып алулар туралы шарт/сатып алу-сату шарты немесе басқа құжаттар әлде ол бойынша міндеттемелердің орындалуын камтамасыз ету үшін Кепілдік шығарылатын басқа шарт немесе кедендік баждардың төлеу бойынша камтамасыз ету сомасының есебін растайтын құжаттар.

1.16. Қарыз – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кепілгермен берілуі мүмкін, осы Келісіммен анықталған мерзімділік, төлемділік және қайтару талаптарымен Клиенттің жауапкершілігіне ұсынылатын қолма-қол ақшасыз қаржыландыру түріндегі банктік қызмет.

1.17. Ағымдағы шот — заңнамаға және банктік қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес ақшаны есепке алу, аудару және есептен шығару операцияларын жүргізуге мүмкіндік беретін, ағымдағы есеп айырысуларды жүзеге асыру және ақшалай қаражатты сақтау үшін клиентке ашылатын банктік шот.

1.18. Шектеулі пайдалану режиміндегі ағымдағы шот – Талаптарға сәйкес шығарылған кепілдіктің сомасында шотқа иелік ету құқығын шектеумен, болашақта түсетін ақшаны кепілге берумен Кепілдікті шығару кезінде Банкте ашылатын Клиенттің (Принципалдың) ағымдағы шоты.

1.19. **Кепілгердің Уәкілетті органы** – құзыретіне банктік Кепілдіктер бойынша лимиттерді және талаптарды бекітуге қатысты шешімдерді қабылдау кіретін Банктің алқалы органы.

1.20. **Қолма-қол ақшасыз ақшаны (жинақ шотындағы) кепілге қою туралы шарт** – Клиент (кепіл беруші) Банкке шығарылған банктік кепілдік бойынша Банк алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету (кепілдік) ретінде кепіл берушінің банктік шотындағы ақшаны кепілге беретін келісім.

1.21. **«Кепілдік» депозиті – Банктік салым шарты шеңберінде** мерзімді Салым шарттарымен ашылады және клиент банктік кепілдік және/немесе кредит желісі бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қамтамасыз ету (кепіл) ретінде пайдаланылады. Оның мөлшері тиісті өнімнің шарттарымен айқындалады және резервті (тағы 1 (бір) күнтізбелік ай) қоса алғанда, Банк белгілеген көлемде міндеттемені жабуды көздейді, бұл ретте мұндай салымды орналастыру мерзімі Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген қосымша резервтік кезеңі бар қамтамасыз етілетін міндеттеменің қолданылу мерзімінен кем болмауы тиіс. Ақшалай қамтамасыз ету ретінде Принципалдың салымы да, үшінші тұлғаның салымы да пайдаланылуы мүмкін. Өзге екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – ЕДБ) орналастырылған, кепіл берушіге меншік құқығымен тиесілі емес салымдар, сондай-ақ Банктің кепіл саясаты туралы ішкі құжатының талаптарына сәйкес келмейтін өзге де салымдар бұған қосылмайды.

1.22. **Кепіл беруші** – Қарыз алушының Банк алдындағы қарыз бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде Банкке мүлікті или мүліктік құқықтарды кепілге берген жеке тұлға/ заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

1.23. **«FreedomOnline» жүйесі (ЗТ ИБ)** – дербес компьютерді немесе басқа құрылғыларды пайдалана отырып, коммутацияланатын және өзге де байланыс арналары арқылы Интернет желісі бойынша Клиент пен Банк арасында Электрондық құжаттармен, хабарламалармен (нұсқаулармен) алмасу арқылы Клиентке Банкте ашылған өзінің банктік шоттарын қашықтан басқару мүмкіндігін беретін Банктің автоматтандырылған жүйесі.

2. КЕЛІСІМ МӘНІ

2.1 Клиент Кредит желісін ашу туралы өтінішке /Кепілдікті беру туралы өтінішке қол қою Келісімді қабылдайды және оған тұтастай қосылады, бұл Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2.2 Кепілгер Келісім шеңберінде белгіленген кредит желісінің/жаңартылатын/жаңартылмайтын кредиттік лимиттің мөлшері шегінде Кепілгердің қолданыстағы шарттарында айқындалған талаптармен Кепілдіктер шығарады, ал Клиент Кепілдік беруге өтініш/Кредит желісін

ашуға өтініш (шығарылатын кепілдік түріне байланысты) негізінде Кепілдіктерді ала алады.

2.3 Кепілдіктер беру жаңартылатын кредит желісі/лимит шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін. Жаңартылатын кредит желісін/лимитті ашу үшін Клиент Бланкілік кепілдіктер бойынша кредит желісін ашуға өтініш / Бланкілік тендерлік кепілдіктер беруге жаңартылатын кредиттік лимит ашуға өтініш / Кепілдіктер бойынша кредит желісін ашуға және цифрлық кепілдікті шығаруға өтініш жіберілген күнге Кепілгер айқындайтын, Келісім мақсаттары үшін қажетті әрі жеткілікті құжаттарды қоса бере отырып, Бланкілік тендерлік кепілдіктерді / Цифрлық бланкілік тендерлік кепілдіктерді беруге Кредит желісін/лимитті ашуға өтініш береді.

2.4 Кепілдіктерді шығару Келісім мақсаты үшін қажетті және жеткілікті және Кепілдікті беру туралы өтінішті жіберу күнінде Кепілгермен анықталған құжаттарды қосумен, ұсынылған Кепілдікті беру туралы өтінішті негізінде жүзеге асырылады. Өтініштегі деректер конкурстық/тендерлік құжаттаманың/Келісімшарттың/басқа құжаттаманың шарттарына сәйкес келген, сондай-ақ Келісім талаптарына сәйкес құжаттардың толық және жеткілікті болған кезде, Кепілгер Клиентпен талап етілген Кепілдікті шығарады немесе осы Келісіммен қарастырылған негіздемелерге сәйкес және тәртіпте Кепілдікті беруден бас тартады.

2.5 Кепілгер (Кепілдікті беру туралы өтінішті ұсыну күнінде орын алған) келесі жағдайлардың бірінде Кепілдікті беруден бас тартуға құқылы:

- 1) Клиенттің Кепілгердің Уәкілетті органымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 2) өтініш білдірген күнге Клиенттің банктік шоттарына қойылған, уақытылы төленбеген төлем құжаттарын, инкассолық өкімдердің төлем талаптарының, оның ішінде ақшаны жөнелтушінің растауын қажет етпейтіндер, сондай-ақ тыйымдардың және шығыс операцияларды тоқтату туралы өкімдердің және шоттарда басқа шектеулердің/ауыртпалықтардың бар болуы.
- 3) Клиенттің, Клиент құрылтайшыларының, байланыстағы компаниялардың (Кепілгердің Уәкілетті органымен анықталған сомаларға) жалған кәсіпкер ретінде танылған салық төлеушілердің тізімінде (www.kgd.gov.kz ҚР ҚМ МКК сайтында) және жосықсыз жеткізушілер тізімінде (www.goszakup.gov.kz. ҚР Мемлекеттік сатып алулар сайтында) бар болуы;
- 4) Келісімге қосылған күнге Банк, өзге ЕДБ, сондай-ақ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де қаржы ұйымдары алдында соңғы 2 (екі) жыл ішінде ұзақтығы (үздіксіз) 60 (алпыс) күнтізбелік күннен асатын Клиенттің міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешектің болуы.

Бұл ретте операциялық бөлімшелер арқылы және қашықтан қызмет көрсету арналары (соның ішінде «FreedomOnline» жүйесі (ЗТ ИБ)) арқылы тендерлік бланкілік кепілдіктерді рәсімдеу жағдайлары үшін — Кредит желісін ашу және

кепілдікті шығару/беру күніне кредиттік тарихты тексеру нәтижелері туралы есептерге сәйкес, Кредит желісін ашу және кепілдік беру күніне клиентте ЕДБ, микроқаржы ұйымдарында және басқа да қаржы институттарында кредиттік міндеттемелер (берешек) бойынша мерзімі өтудің болуы, соның ішінде соңғы 24 (жиырма төрт) айда 10 000 (он мың) теңгеден асатын суммаға 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам мерзімі өту түріндегі жағымсыз кредиттік тарихтың болуы.

5) Кепілгерде Клиентке, Клиенттің құрылтайшыларына, Клиенттің байланыстағы компанияларына қатысты басқа жағымсыз ақпараттың бар болуы;

6) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай жою қаруының таралуын қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша рәсімдерге сәйкес Клиентке және/немесе оның құрылтайшысына, бенефициарлық меншік иесіне қатысты әрекет ететін қандай болса да шектеулердің бар болуы және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) Кепілгердің ішкі құжаттарымен қарастырылған тиісті тексеруге қатысты шараларды қолдану мүмкіндігінің жоқтығы, сондай-ақ іскерлік қарым-қатынастардың Клиентпен қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланып жатқанына (пайдаланылуы мүмкін екендігіне) қатысты күмәндардың бар болуы;

7) кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF, БҰҰ қосқанда, бірақ шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған, Клиентке және (немесе) оның құрылтайшысына/бенефициарлық меншік иесіне/үлестес тұлғаларға қатысты санкциялардың бар болуы;

8) Кепілгерде Клиенттің/Клиент контрагентінің және олардың бенефициарлық меншік иелерінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың әрекетіне жатады немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп ойлауға негіз бар болса;

9) Клиент ұсынған құжаттар топтамасының Кепілгердің талаптарына сәйкес келмеуі;

10) Бенефициармен Кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы бұрын берілген өтелмеген талаптардың бар болуы;

11) Клиент Кепілдіктің толық сомасына ақша кепілімен қамтамасыз етілмеген не жеңілдік белгілері бойынша заңнаманың өзге де талаптарына сәйкес келмейтін Кепілдіктер бойынша Кепілгермен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға болып табылған жағдайда;

12) сұратылған Кепілдік үлгісінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кепілдік үлгілеріне және Кепілгер үшін құқықтық тәуекелдер бар болған кезде Кепілгердің талаптарына сәйкес келмеуі;

13) Клиенттің Кепілгердің алдындағы жалпы берешегі Кепілгердің меншікті капиталынан 5 (бес) пайыз мөлшерінен артқан кезде;

14) Кепілдік бойынша Жаңартылатын/Жаңартылмайтын лимиттен/желіден асып кеткен кезде.

15) кепілдікті/кредит желісін рәсімдеу күніне Клиенттің заңды тұлға/жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі бастапқы тіркелген күнен бастап 12 (он екі) айдан кем болған кезде. Бұл ретте ЖШС ұйымдық-құқықтық нысанындағы Клиенттерге қашықтан қызмет көрсету арналары (соның ішінде «FreedomOnline» жүйесі (ЗТ ИБ)) арқылы тендерлік бланкілік кепілдіктерді рәсімдеу жағдайлары үшін, бастапқы тіркелген күнінен бастап мемлекеттік тіркеу мерзімі 6 (алты) айдан кем болса, Кепілгер бас тартуға құқылы.

16) өтініш білдірген күнге бюджетке төленетін төлемдер, әлеуметтік төлемдер және басқа да міндетті төлемдер бойынша (салықтық) берешектің болуы. Бұл ретте қашықтан қызмет көрсету арналары (соның ішінде «FreedomOnline» жүйесі (ЗТ ИБ) арқылы тендерлік бланкілік кепілдіктерді рәсімдеу жағдайлары үшін — Кредит желісін ашу / кепілдік беру күніне, 10 000 (он мың) теңгеден аспайтын мөлшердегі берешекті қоспағанда, салықтық төлемдер, әлеуметтік төлемдер және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша берешектің болуы.

17) борышкерлер тізілімінде болуы (ҚР Әділет министрлігінің Орындаушылық өндіріс органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде көрсетілген деректерге сәйкес)¹.

2.6 Берілген Кепілдік Кепілдікті беру туралы өтінішке сәйкес келген кезде, Кепілгер Бенефициардың оны қабылдамауына жауапкершілікте болмайды, ал Клиенттің барлық көтерген шығындары мен төленген комиссиялар Кепілгермен қайтарылмайды және өтелмейді. Бұл ретте Бенефициар Кепілдікті қабылдамаған жағдайда, Тараптар Кепілдікті беру туралы жаңа Өтініштің немесе Клиенттің Берілген Кепілдіктің талаптарына өзгертулерді енгізу туралы өтінішінің талаптарымен жаңа Кепілдікті беру немесе беріліп қойған Кепілдіктің талаптарына өзгертулерді енгізу туралы уағдаластыққа келуі мүмкін.

2.7 Өтелген Кепілдік шығарылған жағдайда, Клиенттің осы Келісім бойынша міндеттемелерінің орындалуына қамтамасыз ету ретінде Кепілгерге кепілге («Кепілдік» депозиті) Клиентпен берілген, Өтелген Кепілдікті беруге Өтініште көрсетілген және Кепілгердің ақша кепілі шарты бойынша талаптарға сәйкес келетін мөлшердегі және валютадағы ақша (бұдан әрі – «Кепіл мәні») болып табылады.

2.8 Ішінара өтеумен кепілдік шығарылған жағдайда, Клиенттің осы Келісім бойынша міндеттемелерінің орындалуына қамтамасыз ету ретінде Клиентпен Кепілгерге кепілге («Кепілдік» депозиті) тапсырылған және Кепілгердің тиісті ақша кепілі шарты бойынша талаптарға сәйкес келетін, Ішінара өтеумен

¹ тексеруді Банктің Қауіпсіздік департаменті жүзеге асырады.

кепілдікті беру өтінішінде көрсетілген мөлшердегі ақша (бұдан әрі – «Кепіл мәні») болып табылады.

2.9 Болашақта түсетін ақша кепілімен Кепілдік шығарылған жағдайда, Клиенттің осы Келісім бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету – Клиенттің Кепілгерге берген және Болашақта түсетін қолма-қол ақшасыз (ағымдағы шоттағы) ақша кепілі туралы шарт («Кепілдік» депозиті) бойынша Кепілгердің талаптарына сәйкес келетін, Болашақта түсетін ақша кепілімен кепілдік беруге өтініште көрсетілген мөлшердегі ақша (бұдан әрі – «Кепіл мәні») болып табылады.

2.10 Өтелген кепілдіктер, Ішінара өтеумен кепілдіктер, Болашақта түсетін ақша кепілімен кепілдіктер бойынша Кепіл мәнін Кепілгер өтініш шарттарына сәйкес Клиент Келісім бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейінгі мерзімге арнайы шоттарға – 2223 «Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым (резидент, мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар, теңге)», 2213 «Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым (резидент, үй шаруашылықтары, теңге)», 2241 «Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын ұзақ мерзімді салым» (бұдан әрі мәтін бойынша «арнайы шот») есепке алынады.

2.11 Өтелген кепілдіктер / Ішінара өтеумен кепілдіктер / Болашақта түсетін ақша кепілімен кепілдіктер бойынша Кепіл мәні Кепілдік беруге өтініште көрсетілген қолданылу мерзімі ішінде арнайы шотта Кепілгердің иелігінде болады, бұл ретте Клиент Кепілгер алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған кезде ол Кепіл мәнінен өндіріп алуға құқылы.

2.12 Ашық кредит желісі/лимит талаптарына өзгертулер Кредит желісінің талаптарын өзгерту туралы өтініштің (№8 қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

2.13 Кредит желісін/лимитті мерзімінен бұрын жабу Кредит желісін/лимитті жабу туралы өтініштің (№9 қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

2.14 Кепілдіктің талаптарына өзгертулерді енгізу Кепілдікті өзгерту туралы өтініші (№10 қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

3. КЛИЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Клиенттің міндеттері:

3.1.1. Кепілгерге Кепілдікті беру қызметіне қатысы бар барлық комиссиялардың Кепілгердің тарифтеріне сәйкес толық көлемдер төлеу, сондай-ақ Бенефициардың талабы бойынша Кепілгермен төленген Кепілдіктің сомасын және ол көтерген шығындарды Кепілгерге өтеу;

3.1.2. Кепілгермен белгіленген мерзімде және тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Конкурстың/Келісімшарттың және/немесе Кепілгердің ішкі ережелерімен қарастырылған барлық құжаттардың алынуын қамтамасыз ету;

3.1.3. Кепілгерге Кепілдікті беруге қатысы бар Кепілгердің пошталық және басқа шығындарын өтеу;

3.1.4. Кепілгерге өзінің болашақтағы таратылуы, қайта құрылуы, оның құқықтық мәртебесінің өзгеруі немесе Клиентті басқаруды басқа заңды тұлғаларға (резиденттерге немесе бейрезиденттерге) тапсыру туралы тиісті оқиға орын алғанға дейін 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей Кепілгерге хабарлау;

3.1.5. Егер ол Кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуына немесе Кепілдік бойынша міндеттемелердің орындалуына әкеп соғуы мүмкін болса немесе Бенефициармен Кепілгерге Кепілді бойынша талаптарды қоюына әкелетін (әкеп соғуы мүмкін) басқа әрекеттердің орындалуына (орындалмауына) себепкер болса, Клиентпен Конкурсқа қатысу үшін берілген өтінімін кері қайтару ниеті, Конкурстың аяқталғаны, Келісімшарт бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау ниеті, Бенефициар алдында Келісімшарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны туралы Кепілгерге жазбаша түрде алдын ала хабарлау;

3.1.6. Егер Конкурсқа қатысуға өтінімінің әрекет ету мерзімі ұзартылған болса, ол ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Кепілгерге Конкурсқа қатысу өтінімінің жаңа әрекет ету мерзімі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны ұсыну немесе Келісімшартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда, Кепілгерге Келісімшартқа жасалған қосымша келісімнің көшірмесін оған қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде ұсыну;

3.1.7. Кепілгердің талабы бойынша Конкурстың/Келісімшарттың талаптарын іске асыру туралы кез келген ақпаратты/есептілікті ұсыну және Кепілгердің жазбаша талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде барлық қажетті құжаттарды ұсыну;

3.1.8. Бенефициар мен Кепілгердің алдындағы міндеттемелерін орындауға бағытталған Кепілгердің барлық талаптарын орындау;

3.1.9. Бенефициар Кепілгердің Бланкілік Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауы туралы Кепілгерге талабын ұсынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде Банкте ашылған ағымдағы шотта Кепілгермен Бенефициардың талабын төлеуге жеткілікті мөлшерде ақша сомасының бар болуын қамтамасыз ету;

3.1.10. Кепілгермен байланыстылық туындаған жағдайда, байланыстылықты растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Кепілгерге дереу

хабарлауға; Келісім жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің Кепілгермен үлестес тұлға / Кепілгермен ерекше қатынастармен байланысты тұлға болып табылатыны немесе Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес солай танылғаны туралы ақпарат пайда болған жағдайда, егер кредит желісі шеңберінде Кепілгер қамтамасыз етілмеген Кепілдіктер берген болса не жеңілдіктер бойынша заңнаманың өзге де талаптарына сәйкес келмеу белгілері болса, Кепілгер көрсеткен мерзімде Кепілгердің Келісім бойынша кредит желісі бойынша берешекті толық мерзімінен бұрын қайтару туралы талабын орындауға не Кепілгерге Кепілгердің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қамтамасыз етуді дереу ұсыну;

3.1.11. Кепілгерге Кепіл мәніне қатысы бар немесе қатысы болуы мүмкін, Клиенттің Кепіл мәніне құқықтарына немесе Кепілгердің осы Келісім бойынша құқықтарына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін және Клиентке уәкілетті мемлекеттік органмен, мекемемен немесе қандай болса да үшінші тұлғамен тапсырылған кез кеген өкім, нұсқау, формалды жазбаша талабы, рұқсат, ескертпе немесе кез келген басқа құжаттар туралы дереу жазбаша хабарлау;

3.1.12. Болашақта түсетін ақша кепілімен Кепілдікті алғанға дейін Шектеулі пайдалану режиміндегі ағымдағы шотты ашу және осы Ағымдағы шоттың деректемелерін Кепілдік шығарылатын контрагентпен Келісімшартта көрсету, сондай-ақ Кепілгердің келісімінсіз деректемелерді ауыстырмау;

3.1.13 Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін уақытылы, толығымен және тиісті түрде орындау;

3.1.14. Клиент осы Келісімшарт бойынша Кепілгердің алдындағы міндеттемелерді бұзған жағдайда, осы арқылы Клиент Кепілгерге келесі құқықтарды қайтарып алынбайтындай және сөзсіз береді:

1) Кепілгермен ашылған Клиенттің шоттарынан ақшаны сөзсіз және даусыз тәртіпте, Клиенттің банктік шоттарын дебеттеу арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа әдіспен алу (есептен шығару) немесе Қазақстан Республикасының аумағымен қатар, оның аумағынан тыс жерлердегі банктерге және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға Клиенттің шоттарынан, оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға ашылған шоттардан ақшаны алу (есептен шығару) туралы оларды орындау үшін Клиенттің акцептісін қажет етпейтін төлем немесе басқа құжаттарды ұсыну;

2) Клиент Кепілгердің алдындағы міндеттемелерін бұзған кезеңде Клиенттің кез келген/барлық банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын өткізуді шектеу;

3.1.15. Кепілгерге Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес деректерді/дербес деректерді жинау/өңдеу және АҚШ Салық Қызметіне (Internal Revenue Service), оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы тапсыру мақсатында Кепілгермен сұратылған барлық құжаттарды Кепілгерге ұсыну;

3.1.16. Кепілгердің талабымен белгіленген мерзімде, сомада және тәртіпте Кепілгерге барлық бұрын берілген Қарыздардың қайтарылуын қамтамасыз ету және Кепілгерге сыйақы/комиссиялық сыйақы/ қаржыландыруға ілеспе қызмет көрсету үшін комиссиялардың сомаларын Кепілгердің бекітілген мөлшерлемелеріне және тарифтеріне сәйкес төлеу;

3.1.17. Кепілгерге Кепіл мәніне меншік құқығынан айырылу қауіпінің пайда болуы туралы жазбаша түрде дереу хабарлау;

3.1.18. Кепілгердің тиісті талабында көрсетілген тәртіпте және мерзімде осы Өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізу туралы келісімге жасалған қосымша келісімдерге қол қою. Кепілгер Келісім талаптарын біржақты тәртіпте өзгерткен жағдайда, Клиенттің қосымша келісімдерге қол қоюдан бас тартуы олардың жарамсыздығына әкеп соқпайды.

3.1.19. Кепілгерге Кепілдіктің әрекет етуінің тоқтатылуына әкеп соғатын (әкеп соғуы мүмкін) кез келген жағдайлар туралы хабарлау;

3.1.20. Кепілгердің талабы бойынша Келісімшарт/осы Келісім талаптарының орындалуына қатысы бар барлық қажетті құжаттарды ұсыну;

3.1.21. Қазақстан Республикасының Заңнамасымен және/немесе Клиенттің құрылтайшылық құжаттарымен анықталған барлық рәсімдерді ескере, осы Келісімнің жасалуын барлық уәкілетті органдармен және тұлғалармен мақұлданып өз бетімен қамтамасыз ету.

3.2. Клиенттің құқықтары:

3.2.1. Кепілгер Клиенттің жазбаша сұратуын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде Клиентке ұсынуы тиіс, Кепілгерден Бенефициар қойған талаптар, онымен шығарылған Кепілдіктер бойынша Бенефициардың (-лардың) талаптарының орындалуы туралы ақпаратты алу;

3.2.2. Кепілгерден осы Келісім талаптарына сәйкес пайдасына Кепілдіктер шығарылуы мүмкін Бенефициарлардың тізбесі туралы ақпаратқа қатысты сұрау салу;

3.2.3. Өтелген Кепілдіктер, Ішінара өтеумен кепілдіктер бойынша Кепілгерге кепілге берілген ақшаны қайтаруды тек осы Келісім бойынша және/немесе Бенефициар алдындағы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толық

орындағаннан кейін ғана (Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалғанын куәландыратын растаушы құжаттарды ұсына отырып) талап ету;

3.2.4. Келісіммен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыру.

4. КЕПІЛГЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Кепілгердің міндеттері:

4.1.1. Клиенттен қажетті ақпаратты және құжаттаманы алу, Кепілдікті шығару үшін комиссияны төлеу және Клиенттің Кепілгердің талаптарына сәйкес келу шартымен, осы Келісіммен анықталатын тәртіпте және талаптармен Кепілдік шығару;

4.1.2. Өтелген Кепілдікті/Ішінара жабумен Кепілдікті/Клиенттің Кепілдікті беру туралы Өтінішінде көрсетілген және Кепілгердің талаптарына сәйкес жеткілікті сомада болашақта түсетін ақша кепілімен Кепілдікті Клиент осы Келісім бойынша міндеттемелерді толығымен орындағанға дейін мерзіммен шығару шартымен Клиенттің ақшасын қабылдау;

4.1.3. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Кепілгердің ішкі ережелерімен және осы Келісіммен қарастырылған міндеттемелерін толығымен орындағаннан кейін Өтелген Кепілдік/Ішінара жабумен Кепілдік/Болашақта түсетін ақша кепілімен Кепілдік бойынша арнайы шотқа қабылданған ақшаны Клиентке қайтару;

4.1.4. кез келген тәсілмен (клиенттің электрондық мекенжайына хабарлама жіберу және (немесе) Кредит желісін ашу туралы өтінішінде/Кепілдікті беру туралы өтінішінде көрсетілген нөмірлер бойынша телефон қоңырауын жүзеге асыру арқылы) Клиентке Бенефициардың талабын алу, Кепілгер алдындағы міндеттемелерді орындау мерзімінің кешіктірілгені туралы олар пайда болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде хабарлау;

4.1.5. Клиенттің жазбаша өтінішін Банктің <https://freedombank.kz/> ресми сайтында орналастырылған «Фридом Банк Қазақстан» АҚ операцияларын өткізудің жалпы шарттары туралы ережелермен қарастырылған мерзімде қарастыру және оған жазбаша жауапты дайындау;

4.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кепілгердің шығарылған Кепілдік бойынша міндеттемелерінің орындалуы туралы Бенефициардың заңды талаптарын орындау.

4.1.7. Қазақстан Республикасы заңнамасымен және/немесе Келісіммен тыйым салынған шарттарды қоспағанда, Банктің барлық филиалдарында/бөлімшелерінде және/немесе Банктің <https://freedombank.kz/>

ресми сайтында орналастырып, Клиентке көрсетілген өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне ену күніне дейін 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы, соттан тыс тәртіпте және өз қалауы бойынша Тарифтерге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізу;

4.1.8. біржақты өзгертуге Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, біржақты соттан тыс тәртіпте Келісімге өзгертулерді/толықтыруларды енгізу, ол жайлы Клиентке осындай өзгертулер күшіне енгенге дейін 14 (он төрт) күнтізбелік күн бұрын, Келісімнің өзгертілген/толықтырылған оқылымын Банк филиалдарының/бөлімшелерінің операциялық залдарында, <https://freedombank.kz/> мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы алдын ала хабарлау.

4.2. Кепілгердің құқықтары:

4.2.1. Клиенттің қаржы жағдайы туралы қажетті ақпарат пен құжаттарды Клиенттен сұрату және алу, сондай-ақ Клиенттің қаржы жағдайын тексеру;

4.2.2. Клиенттің банктік шоттан ақшаны алуға нұсқауы болып табылатын, Клиентпен ұсынылған Кепілдікті беру туралы өтінішіне сәйкес арнайы шотқа есепке алу үшін Клиенттің банктік шотынан ақшаны есептен шығару;

4.2.3. Клиенттен төмендегілерді қоса, бірақ олармен шектелмей, кез келген құжаттарды сұрату: конкурстық құжаттама, Конкурсқа қатысуға өтінім, Конкурстың нәтижелері туралы хаттама, Клиентті Конкурстың жеңімпазы ретінде тану туралы хабарлама, барлық қосымша келісімдері бар Келісімшарт және оның қосымшалары, салыстыру актілері, орындалған жұмыстар/қызметтер актілері және Кепілгермен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы талаптарын сақтау, оған қоса FATCA талаптарына сәйкес Клиенттің және Бенефициардың деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ Салық Қызметіне (Internal Revenue Service), оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы тапсыру үшін қажетті ақпарат;

4.2.4. Кепілгермен ашылған Клиенттің шоттарынан ақшаны сөзсіз және даусыз тәртіпте, Клиенттің банктік шоттарын дебеттеу арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа әдіспен алу (есептен шығару) және/немесе Қазақстан Республикасының аумағымен қатар, оның аумағынан тыс жерлердегі банктерге және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға Клиенттің шоттарынан, оның ішінде кәсіпкерлік мақсаттарға ашылған шоттардан ақшаны алу (есептен шығару) туралы оларды орындау үшін Клиенттің акцептісін қажет етпейтін төлем немесе басқа құжаттарды ұсыну. Бұл ретте Клиент бұзылған міндеттеменің валютасы және Кепілгермен даусыз

тәртіпте алынған/өндіріп алынған сомалардың валютасы әр түрлі болса, Кепілгер алынған ақшаның сомаларын Клиентпен тиісті түрде орындалуы тиіс міндеттеменің валютасына Кепілгермен есептен шығару күнінде анықталған бағам бойынша айырбастайтындығымен келіседі.

4.2.5. біржақты соттан тыс тәртіпте келесі құжаттарды өзгерту/толықтыру:

4.2.5.1. шығарылатын кепілдік түріне байланысты Кредит желісін ашу туралы өтініштің / Кепілдікті беру туралы өтініштің / Кепілдіктер бойынша кредит желісін ашуға және цифрлық кепілдікті шығаруға өтініштің үлгісін;

4.2.5.2. осы Келісімнің ережелері, оның ішінде оларды Клиенттің пайдасына жақсарту;

4.2.5.3. Кепілдіктерді шығару үшін қажетті құжаттардың тізбесі.

4.2.6. Кепілгермен Келісімнің 4.2.5. тармағына сәйкес жасалған өзгертулер/толықтырулар туралы хабарламалардың Клиентке жіберілуі талап етілмейді. Клиент біржақты өзгертулерді енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған шарттарды қоспағанда, енгізілген өзгертулермен/толықтырулармен <https://freedombank.kz/> мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында немесе Кепілгерге, оның ішінде оның филиалдарына жолығу арқылы танысуға құқылы;

4.2.7. Қазақстан Республикасымен және банктік тәжірибемен тыйым салынбаған, оның құқықтарын және мүдделерін қорғау, оның ішінде Клиентпен Кепілгердің алдындағы берешектің қайтарылуы үшін қажетті және жеткілікті кез келген шараларды қолдану;

4.2.8. келесі жағдайларда операцияның өткізілуін тоқтату және/немесе бас тарту:

1) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарабы/қатысушысы ретінде төмендегілер болған жағдайда:

а) уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға қатысы бар ұйымдар және тұлғалар тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) енгізілген ұйым немесе тұлға;

б) Тізбеге қосылған ұйымның немесе тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;

в) Тізбеге қосылған ұйымның немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

г) халықаралық ұйыммен немесе шетел мемлекетімен анықталған, ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелі мол елде тіркелген/орналасқан тұлға немесе осы операцияны/мәмілені орындалуына осындай тұлға қатысатын болса;

2) егер Клиентпен жасалған операцияларды зерделеу барысында операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылатындығы жайлы күмән туындаған кезде;

3) Клиентке және (немесе) Бенефициарға және (немесе) олардың үлестес тұлғаларына қатысы бар, кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (FATF және БҰҰ қосқанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған санкциялар бар болған кезде;

4) Клиенттің және (немесе) Бенефициардың операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың әрекетіне жататын немесе халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталғандығы жайлы негіздемелер бар болған кезде;

5) заңнамада, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген болса;

4.2.9. Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудан (оның ішінде Бенефициардың пайдасына Кепілдікті беруден, Кепілдіктің талаптарын өзгертуден) біржақты соттан тыс тәртіпте бас тарту, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Келісіммен қарастырылған тәртіпте және жағдайларда іскерлік қатынасты тоқтату, оның ішінде:

1) Клиент таратылса немесе қайта құрылса, тарату/қайта құру фактісін растайтын құжаттар бар болған кезде;

2) егер Кепілгерде жасалатын операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалғандығы және/немесе операцияның бір тарабы (тараптары) ретінде терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға қатысы бар ұйымдардың және тұлғалардың тізбесіне қосылған ұйымның немесе тұлғаның болып табылатындығы жайлы дәйектері бар болса;

3) Клиент FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы қажетті құжаттарды және ақпаратты, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және тапсыруға келісімді АҚШ Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) ұсынудан бас тартқан жағдайда;

4) Клиентке қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы сотқа дейінгі/сот талқылауы жүргізіліп жатқанын көрсететін жағдайлар бар болған кезде, сондай-ақ Кепілгерге және оның клиенттеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерді іске асыру үшін пайдалануы мүмкін басқа жағдайлар бар болған кезде;

5) Егер Кепілгер осы Келісімнің, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Кепілгер қызметіне қатысы бар шет елдердің заңнамаларының талаптары, Кепілгердің және корреспондент банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдері және талаптары бұзылып жатыр, бұзылуы мүмкін деп санаса, сондай-ақ әрекеті Кепілгерге және Клиентке таралатын, (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, операция түріне, Клиенттің және оның лауазымдық тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициарлық меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың тіркелу және (немесе) тұру еліне, сондай-ақ осы елдерде/осы тұлғалар бойынша немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жасалатын төлемдерге қатысы бар) кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар бар болған жағдайда.

4.2.10. Өтелген кепілдіктер / Ішінара өтеумен кепілдіктер / Болашақта түсетін ақша кепілімен Кепілдіктер бойынша Кепіл мәнін өндіріп алу және Кепіл мәнінің есебінен Клиенттің Кепіл мәнімен қамтамасыз етілген міндеттемелерін бұзуына байланысты Клиентке деген өзінің талаптарын өз бетімен, Клиенттің қосымша келісімісіз, Кепіл мәнін өз меншігіне даусыз алу арқылы толық көлемде қанағаттандыру;

4.2.11. Клиенттен Өтелген кепілдіктер / Ішінара өтеумен кепілдіктер / болашақта түсетін ақша кепілімен Кепілдіктер бойынша Кепіл мәнін қолданыстағы заңнамамен белгіленген негіздер бойынша, оның ішінде Клиенттің Кепіл мәніне меншік құқығын жоғалтуына қауіп төндіріп тұрған қандай болса да мемлекеттік акт қабылданған жағдайда, Клиенттің Кепіл мәніне құқықтары тоқтатылған жағдайда (немесе осындай салдардың орын алу қауіпі бар кезде) жойылғанның орнына құны бірдей, үшінші тұлғалардың құқықтар (талаптары) жоқ, Кепілгердің талаптарын қанағаттандыратын мүлікке ауыстыруды талап ету;

4.2.12. Клиент қажетті құжаттарды және ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Клиентке кепілдік беруден бас тарту.

4.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе Келісімнен туындайтын өзге де құқықтарды іске асыруға.

5. КЕПІЛДІКТІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ

5.1. Кепілдік әрекеті тоқтатылғанға дейін және Кепілдікпен анықталған тәртіпте Бенефициармен тиісті жазбаша талап ұсынылу шартымен, Кепілдік бойынша міндеттемелер Кепілгермен орындалатын болады.

5.2. Кепілдік Бенефициардың Кепілгер міндеттемелерін тоқтату туралы жазбаша хабарламасы немесе Клиенттің Кепілдікті тоқтату туралы жазбаша хабарламасы және келесі жағдайлардың бірінің орын алуын растайтын құжаттар Кепілгерге ұсынылған жағдайда тоқтатылады: - Клиенттің

Конкурсқа талаптарымен анықталған Конкурсқа қатысуға өтінімін ұсынудың актық мерзімі аяқталғанға дейін Конкурсқа қатысуға арналған өз өтінімін кері қайтаруы; - Клиент Конкурстың жеңімпазы ретінде анықталмаған кезде, Конкурстың аясында сатып алулардың қорытындылары туралы хаттамасына қол қою; - сатып алулар туралы шартының күшіне енуі және Конкурсының жеңімпазы ретінде Клиент конкурстық құжаттамамен қарастырылған сатып алулар туралы шартының орындалуына қамтамасыз етуді ұсынуы; - Клиенттің Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындауы;- Клиенттің Конкурсқа қатысуға өтінімінің әрекет ету мерзімінің аяқталуы. Бұл жағдайда Кепілгер Кепілдіктің әрекет етуін тоқтату фактісін растауға жеткілікті ретінде осы құжаттарды қабылдау/қабылдамау туралы шешімді құжаттар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде қабылдайды. Құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша Кепілгер келіспеген жағдайда, тиісті құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы тиісті жазбаша хабарламаны (ұсынылған құжаттардың мазмұнына бас тарту негіздерін / қосымша құжаттардың ұсыну қажеттілігін көрсетумен) Клиенттің атына жібереді. Осы тармақта көрсетілген тәртіп Кепілгерге жазбаша хабарламаны және/немесе жаңа құжаттарды қайталап ұсынған жағдайда да қолданылады.

5.3. Егер Клиентке Бенефициардан Конкурсқа қатысуға өтінімнің, Келісімшарт бойынша міндеттемелерінің әрекет ету мерзімін ұзарту туралы сұрату жіберілген болса, Кепілдіктің әрекет етудің бастапқы мерзімінің ықтимал өзгертілуіне қатысты Тараптардың қатынастары осы Келісімнің ережелерімен белгіленген тәртіпте реттеледі.

5.4. Клиентпен Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі Клиенттің қосымша өтініші негізінде ұзартылған жағдайда, Кепілгер өз жауапкершілігінің мерзімін қайта қарастыруы мүмкін.

5.5. Кепілдіктің талаптарын өзгерту Кепілдікке өзгерулерге қол қою арқылы еркін түрде ұсынылған Клиенттің қосымша өтінішінің негізінде Кепілгердің қалауына бойынша жүзеге асырылуы да мүмкін.

5.6. Кепілдік Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Кепілдікке қолданылатын құқықта көзделген өзге де негіздер бойынша тоқтатылады.

5.7. Егер Клиент Кепілгердің Кепілдік бойынша міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғатын, Кепілдік бойынша Бенефициардың алдындағы міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы Кепілгерге хабарламаған болса, Кепілгер Кепілдіктің әрекет ету мерзімі тоқтатылғаннан кейін Кепілдік бойынша өз міндеттемелерін (толығымен немесе ішінара) орындаған жағдайда, Клиент Кепілгер алдында толығымен жауап береді.

6. КЕПІЛГЕР ҚЫЗМЕТТЕРІН ТӨЛЕУ

6.1. Келісім шеңберінде банктік кепілдікті шығару үшін Банк комиссиясы Банк көрсеткен қызметтер үшін сыйақы болып табылады және оны пайдалану

фактісіне, Клиенттің пайдаланудан бас тартуына, сондай-ақ Клиенттің бастамасы бойынша банктік кепілдіктің тоқтатылуына немесе күші жойылуына қарамастан, банктік кепілдік шығарылған сәттен бастап Клиентке қайтарылуға тиіс емес. Сондай-ақ, Кепілдікке өзгерістер енгізгені үшін Клиент Кепілдік берілгенге/өзгертілгенге дейін Кепілгерге Кепілгердің тарифтеріне сәйкес комиссияларды төлейді. Кепілдіктің сомасы және/немесе қолданылу мерзімі азайған кезде Клиент Кепілгерге төлеген (төлеуге жататын) комиссияларды қайта есептеу жүргізілмейді. Комиссиялардың барлық сомасын төлеуді Кепілгер «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-да, сондай-ақ басқа екінші деңгейдегі банктерде ашылған Клиенттің банктік шотын (шоттарын) даусыз және шартсыз тәртіппен дебеттеу арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілмен жүзеге асырады.

6.2. Егер комиссияны төлеу күні демалыс немесе мейрам күніне түсетін болса, комиссия демалыс немесе мейрам күнінен кейінгі күні төленеді.

6.3. Кепілдікпен қамтамасыз етілген, тиісінше Кепілдіктің тоқтатылуына әкеп соғатын міндеттемелер мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Кепілгерге төленген комиссиялар қайтарылмайды.

6.4. Бенефициар Кепілгермен Кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау туралы талапты ұсынған жағдайда, Кепілгер ол жайлы Клиентке хабарлайды және Кепілдікпен қарастырылған тәртіпте, Өтелген кепілдік/Ішінара өтеумен кепілдік/Болашақта түсетін ақша кепілімен кепілдік есебінен Кепілдікке қолданылатын құқықтың талаптарын сақтаумен, Бенефициардың талабын орындайды (Қамтамасыз етілмеген кепілдіктер шығарылған жағдайда осы Кепілдіктер беруге арналған келісімнің 6.5-тармағында көзделген тәртіп қолданылады).

Бланкілік кепілдік, оның ішінде Цифрлық кепілдік түрінде шығарылған бланкілік кепілдік бойынша, сондай-ақ Ішінара жабылған кепілдіктің / Болашақта түсетін ақша кепілімен кепілдіктің ақша кепілімен қамтамасыз етілмеген сомасы бөлігі бойынша (клиенттің Келісімшарт бойынша ағымдағы шотына / Кепілдік депозиті шотына Кепілдік сомасынан аз сома түскен жағдайда), Клиент Кепілгер Бенефициардың талабын орындаған күні ағымдағы шотты / Кепілдік депозиті шотын Кепілгер Бенефициарға Бланкілік кепілдік / Ішінара жабылған кепілдік / Болашақта түсетін ақша кепілімен кепілдік бойынша төлеген сомаға аударуға/толықтыруға міндетті

6.5. Клиентте Кепілгерде ашылған банктік шоттарда Кепілдік бойынша Бенефициардың талабын төлеуге жеткілікті ақша жоқ болған жағдайда, Кепілгер Клиентке осындай Кепілдік бойынша берешекті Кепілгермен Бенефициардың талабын орындау күнінде келесі талаптармен Қарызға айналатыны туралы жазбаша хабарлайды:

Қарыз сомасы: Бенефициар талабының сомасы, бірақ Кепілдік сомасынан артық емес

Қарыз мерзімі: 30 (отыз) күнтізбелік күн

Қарыз валютасы: KZT

Сыйақы мөлшерлемесі: жылдық 25% (белгіленген)

ЖТСМ²: 28.5%

Есеп қоры: жылына 30 (отыз) күн/ 360 (үш жүз алпыс) күн

Сыйақыны өтеу: мерзімнің соңында бір жолғы төлеммен

Негізгі борышты өтеу: мерзімнің соңында бір жолғы төлеммен

Әрбір мерзімді өткізіп алған күн үшін айыппұл санкцияларының мөлшері: мерзімі өткен негізгі борыш сомасының 0,2%-ы (нөл бүтін оннан екі пайызы).

Өтеу әдісі: қолма-қол ақшасыз тәртіпте

6.6. Клиенттің тарапынан Кепілдік бойынша берешекті өтеу үшін Банктік қарыз шартына қосымша қол қою қажет емес.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ БАСҚА ТАЛАПТАР

7.1 Тараптар Келісімнің тармақтарын бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

